Наши предки, определив четыре основных элемента жизни (солнце, воздух, земля, вода), выявили четыре священных дня и ввели обычай отмечать их. Исследователь У. Коробоев отмечает в своих трудах календарь сезонных праздников, представленных в рисунке №1 [5, с. 33].

Исследователь Г. Соатов изучал праздники времен правления династии Ахаманийцев по второму рисунку [3, с. 28].

Вместе с распространением ислама в Центральной Азии пришли и его праздники. Как известно, в исламе два официальных религиозных праздника: Курбан байрам (через 70 дней после окончания месяца вислового поста Рамадан) и Руза байрам (в честь окончания священного месяца Рамадан). Немного позже, народ начал праздновать праздник Мавлуд.

Но, несмотря на завоевания арабов, потребность в праздниках, связанных с природой была сильна у народа и такие праздники как Навруз, Сада, Мехржон сохранялись.

В X – XII века Навруз праздновался как государственный праздник в Хорасане, Мавареуннахре, Хорезме и Ферганской долине. Празднику Навруз уделялся больше внимания, чем осеннему празднику Мехржон и зимнему Сада. В праздниках Навруз и Сада сохранились больше обрядов, игр и представлений от Зороастризма. Особенно в празднике Сада легенда о Аши Дахака исполнялась сценическими символами, разжигали костры, освобождались дикие животные и голуби из плена человека [4, с. 27].

В средние века Мехржон (в некоторых источниках Мехргон) тоже праздновался как один из важных праздников. В некоторых государствах имел

государственный статус и выделялись средства из государственной казны для празднования, подарков и в качестве приза разных конкурсов, которые перетекали в массовое народное гуляние и в бесплатную раздачу плова населению. Летописец Байхакий рассказывает о том, что Амир Масъуд больше любил праздник Мехржон. Например, в 1031 году 20 сентября Мехржон праздновался во дворце и в нем участвовали послы и правители Ирака и Туркестана, выступали знаменитые поэты, музыканты, певцы, танцоры и мастера смеха и веселили участников [5, с. 46].

ПРАЗДНИКИ ВРЕМЕН АХАМАНИЙЦЕВ



С приходом ислама в Среднюю Азию празднование и порядок проведения таких праздников изменилось не только форменно, но и содержательно. Например, праздник Мехржон, хотя и был связан с земледелием и крестьянством, представители религии объявили его связанным с Зороастризмом и запретили праздновать. Поэтому праздник Мехржон стал праздноваться все меньше и меньше, потом и вовсе перестал отмечаться.

Еще один сезонный праздник Сада, к этому времени полностью потерял свою социальную значимость и праздновался только в мелких государствах или в узких семейных кругах.

Праздник Навруз, потерявший свою значимость во время правления арабов, с приходом во власть Амира Тимура и его династии восстановил свои позиции и даже имел развитие. Этот праздник праздновался целый месяц по всей стране. Благодаря такому масштабному празднованию получили популярность и развитие некоторые виды спорта и уличного представления, такие как, кураш (борьба), купкари (конный вид спорта), стрельба из лука, скачки, петушиные и барный бои.

На эту тему исследователь Б. Шодиев говорит следующее: Древние представления претерпели некоторые изменения и получили актуальное содержание, смешались с играми и обрядами возникших после принятия ислама населением Центральной Азии и получилось нечто синтетическое целостное. Но они чаще всего были частью празднования Навруза, которое длилось семь дней. Первая часть гуляния, обряды, игры и представления, связанные с огнем, водой, землей, природой и цветами. Вторая часть – традиции, ритуалы и др., связанные с

памятью умерших, жертвоприношениями и милостынями. Третья часть – традиции, связанные с священными ритуальными блюдами, сладостями, нектаром и распитием напитков. Четвертая часть связана с играми, конкурсами и представлениями, направленными на хорошее настроение и веселье.

К эпохе правления ханств эти сезонные праздники с некоторыми изменениями все же сохранили свои позиции как традиционные праздники. Все правители – ханы Хивы и Коканда и эмир Бухары пытались внедрить свою политику в эти праздники.

Сезонные праздники, обряды и традиции этого периода изучены исследователем У. Карабаевым: Весной – Навруз, Сумалаяк, Вывоз скота, Шох мойлар (обмазывание рога скота маслом), Посадка саженцев, Куш оши (в первый день начало земледельческих работ), Дарвишона, Праздник красного цветка, Праздник тюльпана, Праздник лилии, Подснежник, Праздник цветения айвы, Песня соловья и др; Летом – праздник воды, Чой момо (призывание дождя); Осенью – Мать рожь, Сбор урожая; Зимой – Первый снег (Снежные письма), обряд Ясьюна, Гап–гаштак (культурные вечерние мероприятия), Курултой (встреча коллег), Купкари (конный вид игр) и т.д. Кроме этого, были популярны народные представления: “Маленькие представления (в Харезме “Туква”, Ферганской долине “Смешной рассказ”), “Большие представления” (в Фергане “Большое лицедейство”, в Бухаре “Чавки”, в Харезме “Опасные игры”) и серия представлений “Каландар”.

Но, из вышеперечисленных праздников только Навруз дошел до нас, сохранив свое значение и содержание и нашел свой расцвет после

независимости. Именно благодаря этому историческому событию, не только Навруз, но и другие праздники, такие как Мехржон, восстанавливаются. В честь сбора урожая, праздник проводится по всей стране и даже в образовательных учреждениях.

Заключение

Узбекские народные сезонные праздники считаются средствами самоидентификации и выражения особенностей нации, в целях глубокого изучения сезонных праздников, систематизации полученных данных и способов обработки материалов, и повышения социальной значимости в процессе воспитания молодежи предлагаем следующие методические рекомендации:

Во-первых, достичь научной определенности в освещении истории праздников и

представлений, формулировать более глубокое осознание истинной ценности и содержания этих праздников, освещать историю возникновения не только праздника Навруз, но и Мехржон, Сада, Ангом и проводить работы по популяризации этих праздников;

Во-вторых, внедрить в учебные процесс образовательных учреждений сведения об этих праздниках;

В-третьих, при организации духовно-просветительского начала в школьном и внеклассном образовании активно внедрять эти праздники.

С самого появления человека, его счастливые дни отражаются в праздниках и представлениях, которые становятся символом нации и общества, а также обеспечивает устойчивость нематериального культурного наследия нации, вобрав в себя уникальные особенности празднования, традиций, обрядов и ритуалов.

Литература:

1. Каримов И. А. Высокая духовность – непобедимая сила. – Ташкент: Маънавият, 2008. – 176 с.
2. Жаббаров И. Узбеки. – Ташкент: Шарк, 2008. – 240 с.
3. Карабоев У. Народные узбекские праздники. – Ташкент: Шарк, 2002. – 240 с.
4. Соатов Г. Поэтические особенности фольклорных произведений в составе узбекских народных традиционных праздников. – Ташкент: АНРУз Институт литературы им. А.Наваи, 1993. – 144 с.
5. Шадиёв Б. Праздник Навруз. – Ташкент: Ўзбекистон Миллий Энциклопедияси, 2001. – 128 с.

Ж. А. Маматкосимов

*Ўзбекистан Мемлекеттік өнер және мәдениет институты
(Ташкент қ., Ўзбекистан)*

ЎЗБЕК ҰЛТЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІН ТАНЫТУ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ ҰЛТТЫҚ МАУСЫМДЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа

Мақалада өзбек халқының Навруз, Ангом, Мехржон, Сада, Олов ұлттық маусымдық мерекелерінің мәдени–тарихи қалыптасуы, олардың тарихы, әлеуметтік маңызы, тойлау тәртібі және өзбек халқының этникалық ерекшелігін таныту әдістері қарастырылады. Маусымдық мерекелерден бастап осы күнге дейін жеткен діни–әдет–ғұрыптық мерекелерге дейін зерттеледі. Маусымдық мерекелердің күнтізбесі, Ахеменидтар уақытындағы мерекелер және халықтың материалдық емес мәдени мұрасын қалыптастырудағы олардың мәдени–дүниетанымдық рөлі талданады.

Тірек сөздер: материалдық емес мәдени мұра, Навруз, Ангом, Мехржон, Сада, мереке, көрініс, әдет–ғұрып, ұлттық өнер

J. A. Mamatkhasimov

*State Institute of Arts and Culture of Uzbekistan
(Tashkent, Uzbekistan)*

UZBEK PEOPLE'S SEASONAL HOLIDAYS AS A FORM OF EXPRESSION OF UNIQUENESS

Abstract

The article discusses the cultural and historical foundations of the Uzbek folk seasonal holidays Navruz, Angom, Mehrjon, Gardens, Olov – their history, social significance, the order of celebration and their methods of ethnic expression of the uniqueness of the Uzbek people. The traditions are studied, from seasonal holidays to religious ceremonies that have survived to this day. It analyzes the calendar of seasonal holidays, holidays of the time of the Achaemenids and their cultural and philosophical role in the formation of the intangible cultural heritage of the people, unique features of the celebration, traditions, rites and rituals.

Key words: Intangible cultural heritage, Navruz, Angom, Mehrjon, Sada, holiday, performance, rituals, folk art.

Сведения об авторе:

Маматкасимов Жахангир Абиркулович – доцент Государственного института искусств и культуры Узбекистана (г.Ташкент, Узбекистан).
e-mail: jahongir.80@mail.ru

Автор туралы мәлімет:

Маматкасимов Жахангир Абиркулович – Өзбекстан Мемлекеттік өнер және мәдениет институтының доценті
e-mail: jahongir.80@mail.ru

Author's bio:

Mamatkhasimov Jakhangir Abirkulovich – Assistant professor of State Institute of Arts and Culture of Uzbekistan (Tashkent city, Uzbekistan).
e-mail: jahongir.80@mail.ru



МРНТИ 18.41.07

М. Н. Ахманов¹

¹ Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы (Алматы, Қазақстан)

СПЕКТАКЛЬГЕ ДАЙЫНДЫҚ ПРОЦЕССТЕРІНДЕ ТЕАТР АКТЕРІНІҢ М. ЧЕХОВ ҰСЫНҒАН ТӘСІЛДЕРДІ ИГЕРУІ МӘСЕЛЕСІ

СПЕКТАКЛЬГЕ ДАЙЫНДЫҚ ПРОЦЕССТЕРІНДЕ ТЕАТР АКТЕРІНІҢ М. ЧЕХОВ ҰСЫНҒАН ТӘСІЛДЕРДІ ИГЕРУІ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада спектакльге дайындық процесстерінде театр актерінің М.Чехов ұсынған тәсілдерді игеруі мәселесі туралы жазылған. Сахна педагогикасындағы және жалпы театр өнеріндегі артистерді даярлауда М. Чехов әдістерінің әмбебаптығына баса назар аударылған. Мақалада М. Чеховтың шығармашылық әдісінің негіздері зерттеледі. Сонымен қатар, Станиславский жүйесінің негіздерін Чеховтың бейне жасау туралы принциптерімен синтездеу мүмкіндігі дәлелденеді. Станиславский жүйесінің маңызды элементтері, сондай-ақ М. Чехов әдістемесінен тұратын актерді тәрбиелеу үшін қажетті тренинг құру процесі егжей-тегжейлі сипатталады.

Трек сөздер: театр, қойылым, актер, Станиславский жүйесі, Чехов әдістері.

Кіріспе

Режиссердің көрерменге әсер етуіне бастайтын күш спектакльді дайындау кезеңінде, актерлерді бейне тудыруға жұмылдыратын жолдарды айқындайтын тұста пайда болады.

Театр режиссері – актердің ізденісіне жол ашып, оған образ жасауына көмектесуші, бағыт сілтеп, кеңес беруші. Сондықтан дайындық барысында актерлер қолданулары қажет тәсілдерді режиссерлер үнемі орындаушылардың

естеріне салып отырғанда ғана өнімді жұмыстың іргетасы қаланбақ.

Серіктес туындатқан «ерік толқыны» [1] М. Чеховтың импровизициялық тәсіл, «психологиялық жест» туралы ой қозғауына негіз болды. Актерлік мектепте оқытылатын «бес сезімге» М.Чехов актердің «алтыншы» сезімін – серіктеспен өзара әрекеттестік сезімін, яғни «актердің кез–келген сәтте кез келген серіктестің әсерін, тіпті, ең нәзік сезімін қабылдауға дайын болу» [2] қабілетін де қосты.

М. Чехов серіктестерімен өзара әрекеттесу үшін және сол әрекеттесуде ашық болу үшін актерлерді іштей ерік–жігер тұрғысынан күш салуға шақырды. Сол күштен эмпатия туындап, актерлер мен көрермендердің арасында бөлек атмосфера, басқалай байланыс орнайтындығына баса назар аудартты.

К. Станиславский, өмірін өнерге арнай отырып, театрды таптауырындылықтардан (актерлік штамптардан), жасандылықтардан тазарту үшін өзінің аналитикалық ойларын қолданды. Ол актер ойыны мен сахнадағы актердің өзіндік «жан» күйі арасындағы байланысты мұқият талдады.

Әдістер

Заңдылықтарды анықтай отырып, оларды жүйелендіріп, «Театр өнері туралы» [3] және «Актердің рөлмен жұмысы» [4] кітаптарында қисынды түрде баяндады. Оның жүйесінің пайда болуы театрда нағыз революция болды, К. Станиславский: «менің мектебім – тек таланттылар үшін!» деп ұрандады. Реформатор «актер өзі сомдайтын кейіпкерінің қорқынышын, үрейленуін, ұмтылысын, үміті мен мақсатын саналы түрде түсініп жасайтындығын» терең ұғынды.

Актердің «Егерде мен» [5] ұстанымы арқылы сезімдерді таба отырып, оларды оятатындығын, күшейтетіндігін және кейіпкер өмірінің ұсынылған мән–жайларын өрбіте отырып өнер тудыратындығын алғаш айтқан да осы К. Станиславский. Михаил Чехов К. Станиславскийдің шәкірті ретінде «реформатор мектебінің» жетістіктерін жетік игере отырып, актердің дене қозғалысы мен осы қозғалыстардың әсерінен сезімдерді ояту арасындағы ортақ психофизикалық заңдылықтарды анықтады.

К. Станиславский жүйесіне актердің «елестету» [4] қабілеті де кірді. М. Чеховтың қиял туралы ойы К. Станиславскийдің «елестету кинолентасы» [5] деген ұғымымен егіз. М.Кнебель бұл тұжырымдардың ұқсастығын көрсетеді: «елестету» таңғажайып күшке ие, ол әрекетпен бекітіліп қана қоймай, сонымен қатар, суретшінің ойы бұл мәселеге қайтып келіп отырған сайын одан бетер байып және ауқымы одан да кеңі түсетіндігі туралы К. Станиславскийдің ойы М. Чеховтың «қиялдау арқылы бейнеге дайындық жасау» пайымдауына өте жақын еді» [6]. М. Чехов «қиялдың жетілуін белсенді күту керек» [7, 18 б.] деп түсіндірді. К. Станиславский «елестетумен» жұмыста бейнені жасаудың көптеген жолдарының қайталанбас бірегейін тапты. Сол секілді М.Чехов «қиялды жетілдіру» [7, 19 б.] тәсілдерінің ішіндегі ерекше психотехникалық тәсіл – сұрақ қою жолдарын тапты. Бұл тәсілді М.Чехов Америкадағы өмірінің соңғы жылдарында да ұтымды пайдаланды [8].

Жақсы дамыған, суреткердің ерік – жігеріне бағынышты қиял актер үшін ең нәтижелі спектакльде бейне жасауға бастайтын тиімді тәсілдерінің бірі болуы

мүмкін екендігі туралы да алғаш рет сөз қозғаған М. Чехов болатын.

Ол: «әріптестермен сахнада тұрақты жұмыс бастағанға дейін, актер өзінің рөлін қиялында жүйелі түрде ойнап көруі керек» [1] деп тұжырымдады.

Нәтижелер

М. Чеховтің тәсілі бойынша мұндай дайындықтардың тиімділігі сол актер денесін немесе дауысын нақты қатыстырусыз, серіктестермен және мизансценалар тудыруларға байланысты болатын сыртқы қиындықтарсыз, шығармашылық түйсігі бұйырғандай ойынға толық беріле алады. Бірақ кейінірек, режиссер және серіктестермен жұмыс істеу кезінде, актер жалпы дайындық үдерісінде қиялдағы ойынын жалғастыра алады. Енді ол өз қиялындағы ойынын режиссердің мизансценалық кеңес – нұсқауларымен және серіктестерінің ойынымен сабақтастырады. Осылайша ойнай отырып, актер сахнада бейне жасауда көп жетістікке қол жеткізе алатындығы сөзсіз, ол осылай өзін сахнаға дайындай алады, ол қиялда жасай алатын мүмкіндіктерден де көп нюанстар бірте – бірте оның психофизикасына және сахнадағы нақты ойынына өтеді.

Қиялға дайын болғандай, актердің уайымынан, жан ізденістерінен шығатын жұқа импульстер өте нәзік әрі терең иірімдерге баруға жол ашады, дайындық процессінде бейне қиялдағыдан кем емес пысықталады. Сахнадағы дайындық кезеңінде қиял актердің бейнесіне айналады, оның сипаты мен қимыл мәнерін меңгеріледі. Актердің қиял белсенділігінен туындаған шығармашылық сезімдер оның психофизикасына әсер етіп, тұлғасына сіңеді, актерді қиялы іштей қолдайды.

М. Чехов актердің шығармашылық табиғатының алуан түрлі қоздырғыштарын көрсетті. М. Чехов студиясында атмосфера мәселесіне үлкен көңіл бөлінді. М. Чеховтың «атмосфера» [1] ұғымын дамыту бойынша ойлары мен тәжірибелік қызметі театр педагогикасына үлкен және ерекше үлес қосты десек те болады. М. Чехов атмосфераны спектакльдің тұтас бейнесін жасауға ықпал ететін құрал ретінде және рөлді жасау технологиясы ретінде қарастырады. Студиядағылар атмосфераның не екенін түсіну үшін көптеген жаттығулар мен этюдтерді орындады. «Атмосфера» сөзіне Михаил Чехов нақты терминологиялық мағына берді. Чехов – актер атмосферасының теориясы, ең алдымен, Чехов – драматургтің көркемдік қағидаларын түсіну нәтижесі ретінде пайда болады дегенге сенді. М. Чехов үшін атмосфера өмірден өнерге (және керісінше) көпір болып табылды [9, 294 – 308 бб.].

Сонымен қатар, М. Чехов өзінің «Актер жолы» [2] атты еңбегінде дайындық белсенділігін арттыратын бірден – бір тәсіл атмосфера бола алатындығын атап өткен.

Бұл еңбектен түйгенімізді тырысып көрейік. Пьесалар немесе спектакль атмосферасында тұрып, актер олардың барлық жаңа психологиялық тереңдігін ашып, мәнерліліктің жаңа құралдарын табады. Қойылым атмосферасына ену арқылы актер өз бейнесінің қалай үйлесімді өсіп, серіктестерімен арасында өзара байланыс орнатылатынын сезінеді.

Атмосфераның дайындық барысында шын мәнінде актерді шабыттандыратындығын театр табиғатын терең түсінетін маманның білмеуі мүмкін емес. Атмосфера – актер көзіне көрінбейтін қол, сезімтал, дана, шынайы

«режиссер» [7, 16 б.].

Актер «көрінбейтін режиссерге» сенім артқанда, шығармашылық жұмысқа кедергі келтіретін өзімшілдік, шектен тыс қобалжушылық, жиырылу, жасандылық, әсірешілдік секілді көптеген қажетсіз дүниелер өзінен – өзі жоғалып кетеді. Актер бір атмосферадан екінші атмосфераға еркін ауысып, бүкіл пьесаның жолын жүріп өту арқылы бейне жасауға шабыттанады, өз бейнесін байыта түседі.

Мұндай партитураны құрастырған кезде пьесаны сахнаға немесе актілерге бөлуге қажеттілік жоқ — сол атмосфера көп сахнаны қамтуы немесе сол сахнада бірнеше рет өзгеруі мүмкін.

Осылайша ұйымдастырылған жұмыс актерлік ансамбльге жетелейді. Актерге мұндай кезде кездейсоқ келген көңіл – күйді күтудің қажеті болмайды, ол оның қалауы бойынша атмосфера ретінде пайда болады.

Бірақ сахнадағы дайындыққа кіріскенге дейін, рөлмен және пьесамен бірінші танысу кезінде актердің жанын шығарманың жалпы атмосферасы баурап алады. Актер ол атмосфераны жалпы өзінің болашақ сахна туындысына әсер етуші ретінде, бейне жасауға бастайтын тылсым күш ретінде алдын – ала болжап, уайымдайды.

Әр суретші өзінің болашақ қалыптасуының осы бірінші, қуанышты кезеңдерімен таныс. Жазушы, ақын немесе композитор өзінің шығармашылық жұмысын бастағанда, кенеттен оған келген атмосфераны іске асыруға ниеттенетіндігін жиі аңғарады. Туынды әлі дайын болмауы да мүмкін, бұл атмосферадағы бейнелердің айқын тақырыбы да, айқын көрінісі да болуы мүмкін, бірақ суретші біледі: оның санасының тереңінде жұмыс басталды. Тек бірте – бірте, бірінен кейін бірі пайда

болады; олар жоғалады, қайтадан пайда болады, өзгереді, әрекет етеді, іздейді және бір – бірін табады. Интригаларға байланады, тақырыбы анықталады, жоспар жасалады, эскиздер сызылады. Бірте – бірте және жалпы атмосферадан күрделі бүтін атмосфера пайда болады. Актер өзі де атмосфера тудырушы жасампазға айналады.

Егер актер де осы бірінші шығармашылық кезеңді — жалпы атмосферадағы өмірді бағалай алмаса — өз рөлінің бөлшектеріне назар аударып қана қойса, көп жоғалтады. Дәннің болашақта үлкен өскінге, гүлге немесе ағашқа айналатындығы секілді, атмосфера да актер жұмысының болашақ негізін қалайды [7, 14 б.].

Бірақ, дән сияқты, атмосфера да мерзімінен бұрын жеміс әкеле алмайды. Жалпы атмосферамен шабыттану кезеңін елемей, актер алғашқы күннен бастап оны жарықтан, жылудан, ылғалдан айырғандай болады.

Белгілі бір бояумен әрекеттену қиял мен атмосферамен қатар түйсікті босатады, және сіздің сезімдеріңізді күштеу қажеттілігінен қорғайды. Дайындық кезінде актер ең қажетті болып көрінетін бояуды орната отырып, тұтас көріністерді қамти алады. Бір немесе екі қарапайым әрекет бояуы көлемі бойынша ауқымды сахналарды дайындау үшін негіз бола алады.

Шығармашылық сезімдерді тікелей күштеп тудыруға болмайды. Олар түйсіктің – сананың тереңінен келеді және мәжбүрлеуге бағынбайды. Оларды қызықтыру керек. Белгілі бір бояу берілген әрекет актердің сезімдерін қызықтырады, оятады. Осыдан актер іс – әрекет (әрқашан оның ерік – жігері), егер оған белгілі бір бояу (сипат) бере отырып жасаса, оны сезімге жетелейтіндігін жақсы түсінеді.

Дискуссия

Бірақ актерде заңды сұрақ туындауы мүмкін: күрделі әрекеттер мен сезімдер болса, бұл тәсіл дәл солай әсер ете ала ма? Күрделі әрекеттер дегеніміз не? Егер бұл әрбір адамға тән қарапайым, табиғи әрекеттер комбинациясы болса, онда актер оларды қайталағаннан кейін (бекітіп тастағаннан кейін) қайталаудың жеткілікті мөлшері ол әрекеттерді қарапайым әрекеттерге айналдырып жібереді. Шын мәнінде, актер акробат болмайынша, трапецияда сальто – мортале жасай алмайтындығы рас, іс – әрекет ретінде ол үшін бұл әрекет күрделі болады. Демек, актер үшін орындай алмайтын іс – әрекеттер бар, бірақ күрделі іс – қимылдар жоқ.

Актер күрделі бояу комбинациясын жасады делік. Ол бір уақытта сақтықты, күдіктілікті және қорғанушылықты жасайды. Актердің іс – әрекетінде осыншалық неғұрлым көп «түс» болса, соғұрлым оған қиын болады. Бірақ, актер өз әрекет бояуларын бекіту керек, солай ол күрделі қозғалысты бекітеді. Қайталау (бекіту) әрекеттегі күрделілікті жояды.

Актер таңдаған бояуларды алдымен жеке – жеке, содан кейін екі және үш бөліктен қайталай алады, олар әрекетпен бірге актер үшін қарапайым, үйреншікті және оңай орындалатын бірлікке айналғанға дейін дайындай алады [7, 11 б.].

Осылайша нығыздалған бояу және оларға сәйкес әрекет актерге сезім кешенін шақырады және бұл кешен шын мәнінде күрделі болуы мүмкін. Бірақ оның күрделілігі актердің күрделі емес техникалық тәсілдерді қабылдап – қолдануының нәтижесі болады.

Реакция актердің дарынының күшіне байланысты күрделі болуы мүмкін, бірақ бұл реакция тудырған жолға

тәуелді емес. Дегенмен, іс жүзінде актер сезімдерін ояту үшін күрделі бояу комбинациясын құрудың қажеттілігі жоқ екендігіне көз жеткіземіз, бір – екі әрекет бояулары актерде сезімдердің тұтас гаммасын тудыруға жеткілікті.

Белгілі бір әрекет бояуларын қолдану актер санасының қазынасын ашады және ол көп ұзамай күтілген нәрсені байқайды. Сезімдер актер оларды ояту үшін қолданатын бояулардан гөрі бай және мазмұнды болмақ.

Әрекет бояуларын пайдалану сезім тудырудың кілті болса, ал әрекеттенудің өзі ерікке бастайтын жол. Қимылдар тілектерден, ішкі қажеттіліктен (ерік) туындайды. Егер тілек (ерік) қатты болса, онда оны білдіретін қимыл да күшті болады. Оны М. Чехов «психологиялық жест» деп атаған.

Егер ниет әлсіз және белгісіз болса, қимыл әлсіз және белгісіз болады. Керісінше күйде эффект берілуі мүмкін. Егер актер күшті, мәнерлі, жақсы қалыптасқан қимыл жасаса («психологиялық жест») – онда оған тиісті тілек те туындауы мүмкін. Актердің еркі өзіне бағынбайды. Бірақ актер «психологиялық жест» [2] қимыл жасай алады, сонда оның еркі сол «жестке» жауап береді.

Натуралистік және олардан өзгеше қозғалыстар, қимыл – жест түрлері бар. Мысалы, жалпы итеру, тарту, ашу, жабу әрекеттері бар. Олардың ішінде актердің өзіндік қиялынан туындайтын жеке итермелеу, тартылу, ашу, жабу және т.б. қимылдар пайда болады. Белгілі бір әрекеттерді айтқан кезде немесе естігенде, біздің жан дүниемізде қандай өзгерістер болатыны туралы ойланып көрейікші: қорытындыға келу; мәселені қозғау; қарым – қатынасты үзу; идеядан шабыттану; жауапкершіліктен сытылып шығу; торығуға түсу; сұрақ қою және т. б.

Бұл етістіктердің бәрі не дейді? Белгілі және анық қимыл туралы меңзейді. Және біз осы сөз тіркестерінде жасырынған жест–қимылдарды іштей жасаймыз. Күнделікті өмірде біз жалпы жест–қимылдарды пайдаланбаймыз, біз шамадан тыс қозғалған немесе пафоспен сөйлескіміз келген жағдайда ғана оларды іске қосамыз. Бірақ бұл әрекеттер біздің әрқайсымызда физикалық, тұрмыстық жест–қимылдарымыздың бейнесі ретінде өмір сүреді. Жест–қимылдар біздің түйсігімізде әрекеттерімізге мағына, күш пен мәнерлілік бере алатындай жағдайда сақталып тұрады. Бұл әрекеттермен біздің жанымыз қимылдайды, белгілі бір жест жасайды. Осыны психологиялық жест–қимыл дейміз.

Спектакльге дайындық процесстерінде театр актерінің М.Чехов ұсынған тәсілдерді игеруі режиссердің қойылым композициясын құрастыруда актерлермен бірге спектакльдің көкейкесті мақсатына, көркемдік біртұтастылығына қол жеткізулерінде зор қызмет атқарады.

М.Чеховтың актер шығармашылықтың негізі мен мақсаты жолында қиялдың шығармашылық мүмкіндіктеріне жүгіну үшін жеке басына тән уайымданудан бас тарту керек деп түсінді. Актер өзінің жеке басындағы жағдайды емес, пьесадағы кейіпкер тағдырын, мінезін паш ету қажеттілігін алға тартты [10, 196 б.].

Фантазия әдісін қалыптастыру және бейнені имитациялауда М. Чехов К. Станиславский «мектебінен» бастау алғанмен, ол өзінің театр өнерінің мінсіз табиғаты туралы түсінігін қалыптастыра білді. М.Чеховтың әрбір баспасөз беттеріндегі сұқбаттарында «болашақ театр, болашақ театр» деп сөйлеуге құштар болғандығын байқау қиын емес. Оның ойынша, «кемел

актер» шыншылдығымен, тұрмыстық және психологиялық натурализммен «уланбаған» еркіндігімен ерекшеленуі тиіс болатын.

Сөзсіз, Михаил Чеховтың театрлық тәсілдері, мектебінің ерекшеліктері актерлік мамандық өкілдері үшін тартымды. Театрдың бұл бағдарлары, әсіресе, бүгінгі орындаушыларға қатты әсер етеді, сахналық кәсіптің заманауи ұстанымдарын ұсынады. Михаил Чехов театрының феномені, іштей режиссерлік театрдың заңдары бойынша жасалғандығы бірегей тәжірибесі бар шебердің жаһандық театр өнеріндегі көркем үдерістің жалпыға ортақ заңдылықтарын растайтындығымен өзекті [10, 195 – 224. бб].

Қорытынды

М. Чехов әдісі бойынша жұмыс істей отырып, актер көркем бейнені құрастырмайды, жалаң формаға тәуелді етуге тырыспайды, рөлдің құрғақ конструкциясымен айналысуға ұрынбайды, таптауырындылықтан, жасандылықтан аулақ өзінің қиялындағы тамаша бейнені көрсетеді және жетілдіреді. Актер бұл тамаша бейнені оның барлық толымдылығы мен кемелдігінде ешқашан іске асырмайды, себебі өз бейнелерін М.Чехов та «абсолютті» түрде іске асырмаған. Бірақ актерлер үшін М. Чехов тәсілдері спектакльдегі дайындық процесстерінде тамаша бағдар мен шабыт көзі бола алады.

Шын мәнінде, М. Чеховтың «идеалдық театрының тәсілдері» актерді бағындырып, оның мүмкіндіктерін шектеуге тырыспайды, керісінше, оған кереметтей шығармашылық еркіндік береді. Михаил Чеховтың «идеалдық театрының тәсілдерін» игерудің арқасында біз өзіміздің еркін

ізденістерімізге кең жол ашамыз. Бұл процесте әрбір жеке актер немесе оқытушы өзі М. Чеховтың тәсілдерін терең меңгеруге қаншалықты дайын екендіктерін өздері шешеді және осы бағытта қаншалықты ілгерілей алатындықтарын, ол тәсілдерді қалай толықтырып, жетілдіре алатындықтарын өздері болжайды.

Михаил Чехов жүйесі өте механикалық және технологиялық үлгіде болып келеді. Сыртқы мінез–құлықтың барлығы жан–жақты өңделген блоктарға бөлінеді (мимика, жесттер, жүру, поза, сөйлеу сипаттамасы және т.б.) және дайындықта нақты өңделеді [7, 10 б.].

Бұл жүйелердің принципті ерекшелігі сол – Михаил Чехов жүйесін пайдаланатын адам сырттай тыныш және аз әрекетте қалады, бірақ өте эмоциялық күйде тұрғандай көрінеді. Екі бейне де өте сенімді болады. М.

Чехов жүйесі арқылы бейнені жасаған актер көп күйзеліске ұшырамайды, бірақ оның тәсілдерін пайдалану арқылы өзінің техникалық мүмкіндіктерінің кең ауқымдылығын, тереңдігін керемет дәрежеде көрсете алады.

Михаил Чехов автордың стилін терең түсіну және оны сахнада жүзеге асыра білу стильдеудің арзан тәсілдерін де, сондай–ақ, театрдағы көркем емес натурализмді да қуып тастайтындығын атап өтті. Пьесаның мазмұнын сезіп, автордың стилін сезген режиссер болашақ қойылымның контурын көре бастайды. Автордың жеке тұлғасын түсіну қойылым қойғанда осы драматургке ғана тән стильді жүзеге асыруға, жаңа театр формасын табуға және пьесаның стильдік және жанрлық ерекшеліктерін актерлер ойынында, сондай–ақ, спектакльдің сыртқы безендіруінде ескеруге негіз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Чехов М. А. Об искусстве актера. М.: Искусство, 1999. – 271 с.
2. Чехов М. А. Путь актера: Жизнь и встречи. – Москва: АСТ Хранитель, 2007. – 554 с.
3. Станиславский К. С. Об искусстве театра: Избранное / Предисл. Ю. С. Калашникова, В. Н. Прокофьева. – Москва: ВТО, 1982. – 510 с.
4. Станиславский К. С. Работа актера над собой в творческом процессе переживания. Дн. ученика. – Санкт Петербург: Прайм–ЕВРОЗНАК, 2008. – 478 с.
5. Станиславский К. С. Собр. соч.: В 8 т. / Ред. колл.: М. Н. Кедров и др. – Москва: Искусство, 1961. – 156 с.
6. Кнебель М. О. О том, что мне кажется особенно важным: Статьи. Очерки. Портреты. – Москва: Искусство, 1971. – 488 с. Бюклинг Л. Михаил Чехов в западном театре и кино. – Санкт Петербург: Академический проект, 2000. – 488 с.
7. Вертман Ю. Театрально-педагогические искания Михаила Чехова / Предисловие М. Кнебель // Театр. – Москва, 1969, № 11. – С. 28 – 36.
8. Кириллов А. А. Театр Михаила Чехова // Русское актерское искусство XX века: Сб. науч. трудов. – Санкт Петербург: Вып. 1., 1992. – С. 259 – 308.
9. Билинкис Я. С. Феномен Михаила Чехова // Билинкис Я. С. Непокоренное

искусство: О процессе художественного развития. – Ленинград, 1991. – С. 294 – 308.

10. Ардов В. Е. Михаил Чехов // Ардов В. Этюды к портретам. – Москва, 1983. – С. 195 – 224.

М. Н. Ахманов

*Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

ВОПРОСЫ ОСВОЕНИЯ АКТЕРОМ ТЕАТРА ПРИЕМОМ, ПРЕДЛОЖЕННЫХ М. ЧЕХОВЫМ В ПРОЦЕССЕ ПОДГОТОВКИ К СПЕКТАКЛЮ

Аннотация

В данной статье изложена проблема освоения актером театра приемов, предложенных М. Чеховым в процессе подготовки к спектаклю. Особое внимание уделяется универсальности методов М. Чехова в театральной педагогике и подготовке артистов в целом театрального искусства. В статье рассматриваются основы творческого метода М. Чехова. Кроме того, доказывается возможность синтеза системных основ К. Станиславского с принципами М. Чехова об образе. Подробно описывается процесс создания необходимого для воспитания актера тренинга, включающего в себя как важнейшие элементы системы К. Станиславского, так и методику М. Чехова.

Ключевые слова: театр, спектакль, актер, система Станиславского, методы Чехова.

M. Akhmanov

*T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)*

ISSUES OF MASTERING BY THE ACTOR OF THE THEATER TECHNIQUES PROPOSED BY M. CHEKHOV ON THE PREPARATION FOR THE PERFORMANCES

Abstract

This article presents the problem of mastering by the theater actor techniques proposed by M. Chekhov in preparation for the play. Special attention is paid to the universality of Chekhov's methods in theater pedagogy and training of artists in the whole theater art. The article discusses the basics of the creative method of M. Chekhov. Besides, the possibility of synthesis of Stanislavski system bases with Chekhov's principles about a character is proved. The article describes in detail the process of creating the necessary training for the education of an actor, which includes both the most important elements of the Stanislavski system and the method of M. Chekhov.

Keywords: theater, performance, actor, Stanislavski system, methods of Chekhov.

Автор туралы мәлімет:

Ахманов Мұрат Ноянбаевич – Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген артисі, «Құрмет» орденінің иегері
e-mail: ahman90@mail.ru

Сведения об авторе:

Ахманов Мурат Ноянбаевич – доцент Казаской национальной аадемии искусств имени Т. К. Жүргенова, Заслуженный артист Республики Казахстан, обладатель ордена «Құрмет» (Алматы, Казахстан)
e-mail: ahman90@mail.ru

Author's bio:

Murat Akhmanov – Associated Professor T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Honored Actor of Republic Kazakhstan, possessor of orden 'Kurmet' (Almaty, Kazakhstan)
e-mail: ahman90@mail.ru



МРНТИ 18.41.07

Қ. Тустикбаев¹

¹ Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

ТИІМДІЛІК ТЕОРИЯСЫНЫҢ СЦЕНОГРАФИЯДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

ТИІМДІЛІК ТЕОРИЯСЫНЫҢ СЦЕНОГРАФИЯДАҒЫ МӘНІ МЕН МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада сценография сахналық өнердің ажырамас бөлігі ретінде көркем тиімділік, экономикалық, инновациялық тұрғыдан қойылымдардың сапаасын жаңа деңгейге көтеруші тетік ретінде тұңғыш қарастырылып отыр. Театр қойылымын талдауда тиімділік теориясы актерлік ойын мен драматургиялық оқиғамен қатар, спектакльде сценографиялық қойылымның атмосферасын, кеңістік пен уақыт өлшемдерін жасайтын материалда, оған жұмсалатын шығындардың көркемдік-экономикалық рентабельділігі арқылы талдауға қадам жасалып отыр. Қазіргі кезеңде театрдың өзекті құрамдары: қойылымның әдеби негізін таңдау, көркемдік шығармашылық, театрдағы жобалаудың инновациялық әдістері, сценографиядағы компьютерлік медиа технологиялар аталған мәселелерде сындарлы талдаудан өткізіліп, қойылымның өнімділігі мен көркемділігі сараланады. Автор зерттеулерін сценографияның шешімдері мен тиімділік теориясын қолдану арқылы Алматы қаласы театрларының жетістіктері немесе шығындары негізінде жүргізді.

Түйін сөздер: тиімділік теориясы, театрлық қойылымдар, спектакльдер, сценография, репертуарлар, өнімділік, технологиялар, инновациялар, сындарлы талдау.

Кіріспе

Тиімділік (лат. effectus – орындалу, әрекет) – жұмысты орындай алу қабілеті және өте аз талпыныс пен уақытты шығындау арқылы қалаған және қажетті нәтижеге жете алу. Тиімділік ұғымы арқылы нақты эффект тудыратын себептерді түсінуге жол ашылады. Қабілеттілік ұғымына келетін болсақ біргелік түсінік жоқ, сондықтан нақты шынайы себеп пен бар дүниенің арасында пікір-талас орын алуы заңды.

Тиімділік теориясы ғылым мен өнердің және де әлеуметтік салалардың барлығына тікелей қатысы бар. Бүгінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «100 нақты қадам» ұлт жоспары аясында атқарушы билік жүйесін жаңарту жөнінде нақты міндеттерді айқындап берді. Мұндағы негізгі мақсаты – мемлекеттік аппараттың тиімділігін, ашықтығын және есеп беруін арттыру [1]. Байқағанымыздай тиімділіктің тек қана жаратылыстану-математикалық бағытта дамығаны мен бүгінгі заман талабына сай барлық қоғамның дамуына себеп боларлық істерде қажеттілігі зор. Яғни, тиімділік - әмбебап ұғым. Сондықтан, «тиімділік» терминінің мағынасын кеңінен ашылуын жөн санаймыз.

Сценография – театр өнерінде айрықша маңызды. Ал, театр өнерін жасау тек қана режиссер мен актердің ғана еңбегіне байланысты емес. Театр – ұжымдық өнер.

Көрерменге ұсынылған сахналық қойылымның сыртында көптеген еңбектенген адамдар жатыр. Ендеше ұжымның тиімді еңбегі деген түсінікке тап боламыз. Ең алдымен ұжымдық тиімділік пен басқару тиімділігі туралы айтамыз.

Әдістер

Бұл мақалада көрсетілген негізгі нысандар тиімділік теориясы және сценографиядағы мәні мен маңызы болмақ. Ұйымды басқарудың тиімділігі ең алдымен ұйымның ішкі сипаттамасына және олардың нарықпен және институционалдық шығындармен өзара қарым-қатынасына қатысты. Олардың ішінде-үйлестіру, беру жүйесі және басқару шешімдерін қабылдау механизмі бар.

Ұйымның артықшылықтарын анықтау үшін ұйымдарды өзара және нарықпен салыстыру критерийлерінің маңыздылығы зор. Осы критерийлерді зерттеу үшін сыртқы ортада ұйымның қалыптасуы мен өзгеруіне әсер ететін әдісті ескеру қажет. Ұйымдардың өздері арасындағы, сондай-ақ ұйымдар мен рынок арасындағы шекаралардың өзгеру факторларды белгіленуі мүмкін: олар ұйымның өзінде де, ұйымдар арасындағы қатынастарда да (атап айтқанда, бірінші кезекте нарықтардағы, сондай-ақ мемлекеттегі ұйымаралық келісімдердің рәсімдерінің өзгерістерінде) құрылады.

Сценография өнері бір ғана автордың бейнелеу қиялынан туғаны мен көптеген қол күшінің көмегімен құрылады. Қойылымның әрекеті мен режиссер жұмыстарын ұйымдастырудан жеке сценографияның өзін де ұйымдастыру қажет.

Ұйымның тиімді шаруашылық қызметі үшін технологиялар, жабдықтар мен материалдар ғана емес, оларды қолдану процесі, сондай-ақ адамдардың қызметін басқару философиясы да маңызды.

Ұйымды басқару тиімділігі проблемасын зерттеудің маңыздылығы ең алдымен шаруашылық жүргізуші субъектілердің ең аз шығындар

кезінде барынша жоғары нәтиже алуға және дамытуға ұмтылуымен; экономикалық ресурстардың шектеулігімен; менеджмент жүйесінің жаңа жағдайларына бейімделумен байланысты. Кез келген ұйым белгілі бір мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін бар болғандықтан, оның қызметінің соңғы нәтижесі өте маңызды [2].

Нәтижелер

Әлеуметтік нәтиже – халықтың өмір сүру сапасына қанағаттану деңгейін сипаттайтын көрсеткіш. Ал әлеуметтік тиімділік, өз кезегінде, бұл ел халқының өмір сүру деңгейін арттыруды айқындайтын көрсеткіш. Әр түрлі экономикалық деректерде бұл термин «жеке тұлғаның үйлесімді дамуы», «адамның рухани қанағаттануы», сондай-ақ «социумның және халықтың әртүрлі топтарының игілігі» анықтамаларымен кездестіруге болады.

Егер тиімділікті мемлекеттік деңгейде қарайтын болсақ, ол елдің экономикалық және әлеуметтік саласын айқындайтын әлеуметтік саясатпен ұсынылған. Егер әлеуметтік сала жақсы дамиды болса, онда халықтың өмір сүру деңгейі жоғары деңгейге шығады, соның салдарынан экономикалық сектор да дамиды.

Театр өнерінің өзі өмір сүрген ортаның тамырынан басып, кейіпкер мен оқиға арқылы барлық себептерін анықтай алатын дәрмені бар. Театр өнеріндегі декорация мен кейіпкер костюмі оқиғаны қай кеңістіктен қарауға мүмкіндік сыйлайды. Осы тұрғыдан келгенде әлеуметтік тиімділікті оңтайлы пайдалана аламыз. Декорация кейіпкердің өмірі мен оқиға атмосферасының мәнін аша алу үшін әрі өзіндік театр әлемінің жаны бар бөлігіне айналу үшін әлеуметтік

тиімділіктің де қатысы бар екенін көрсете алуымыз өте маңызды.

Экономикалық тиімділік (өндірістің тиімділігі) – бұл өндірістік процесс факторларының пайдалы нәтижесі мен шығындарының арақатынасы [1].

Экономикалық тиімділікті сандық анықтау үшін тиімділік көрсеткіші пайдаланылады, сондай-ақ бұл жұмсалған ресурстарға оның жұмыс істеуінің пайдалы соңғы нәтижелеріне қатысты көрінетін экономикалық жүйенің нәтижелілігі. Экономикалық жүйенің әртүрлі деңгейлеріндегі тиімділіктің интегралдық көрсеткіші ретінде қалыптасады және ұлттық экономиканың жұмыс істеуінің қорытынды сипаттамасы және қолда бар ресурстардан ықтимал игіліктердің максимумын алу болып табылады.

Ол үшін пайда (игіліктер) мен шығындарды үнемі байланыстыру, немесе басқаша айтқанда, өзін ұтымды ұстау қажет. Ұтымды мінез-құлық – бұл өндіруші мен тұтынушы игіліктің ең жоғары тиімділігіне ұмтылады және ол үшін пайданы барынша арттырады және шығындарды азайтады.

Микроэкономикалық деңгейде - бұл өндірілген өнімнің (компанияның сату көлемі) шығындарға (еңбек, шикізат, капитал) қатынасы.

Дискуссия

Театр өнердің жекелеген түрлеріне сүйене отырып, көркем шығармашылықтың көптеген түрлерін жасайды. Бұл метафора емес, мұнда біз кескіндеме музыкалылығы, архитектураның музыкалылығы, әдеби кейіпкерлердің икемділігі туралы айтамыз. Музыкалық аспаптың дыбысы мен кескіндеме маталарда түсірілген дыбыс арасындағы айырмашылық қандай? Ол үшін біз

көркем шығарманы біздің өміріміздің мәні ретінде (және мұнда ол басқа заттармен, ол дайындалған материал бойынша заттармен, өлшемдермен және т.б. салыстыруға болады) және өнер фактісі, көркем мәдениет фактісі ретінде ажыратуымыз қажет. Өнер туындысын бірінші мағынада қарастыра отырып, біз оны объективті шындық әлемімен теңдестіреміз және кескіндеме туындысы немесе басқа да шығармашылық түрі біздің алдымызда бізді қоршаған заттық әлемнен өзгеше емес тұрмыстық зат ретінде көрінеді. Бұл жерде заттардың заңдары бар: дыбысты объективті деректер арқылы естуге болатын. Өнердің ерекше заңдары бойынша өмір сүретін көркем шығарманы қарастыра отырып, біз музыкалық шығарманың әуені «солқылдаған ауа» ғана емес, сонымен қатар суреттерде оқылтын музыка туралы айта аламыз, көркем полотноның бояуын, музыканы, дыбысталған музыканы нақышына келтіре аламыз, ол бірінші сияқты шынайы, бірақ, «естіледі», әйтпесе, өнердің өзі мүлдем мүмкін емес және мағынасыз. Алайда, музыкалық шығарманы тыңдау кезінде, дыбыс объективті әлемнің заңдары бойынша қалыптасады, бір жағынан эстетикалық эмоциялардың қатарын сезіне алатын «музыкалық құлақ» тәрізді жұмыс істейді, екінші жағынан – эстетикалық мүмкіндіктердің барлық адам жиынтығы қосылады, дыбыс пластикалық және колористикалық толы болады, және тақырып фабульді – сюжеттік канвада дамиды.

Театрдың қайнар көзі барлық өнер тарихы сияқты ғасырлар тереңіне кетеді. Көп жағдайда діни сипатты, ряжень және еліктеу элементтерін, мысалы, аң аулау мен т. б. аңдардың повадкалары көркем шығармашылықтың бастапқы

формаларының бірі болып табылады. Бейнелік ойлаудың бұзылмағандығына байланысты өнердің дамуының бастапқы формасының осындай жағдайы синкретизм деп аталады. Шығармашылық мүмкіндіктерді білдірудің бұл түрі өнердің кейінірек қалыптасқан алуан түрлілігін әлеуетті қамтитын өзіндік эмбрион болып табылады. В. Ф. Шерстобитов «У истоков искусства» кітабында былай жазады: «... қимыл, мимика, әуенді интонациялар, графемалар өзіндік өнер жүйесі құрылғанға дейін бір синкреттік тілдің элементтері ретінде алғашқы қауымдық адамдар пайдаланды» [4]. Бұл синкретикалықты білдірудің құралында театр өнерінің контурын, сценография контурын көруге болады.

Сценография шындықты көзбен эстетикалық қабылдау заңдары бойынша салынып жатқан спектакльдің кеңістіктік шешімі болып табылады. Театр бейнесі құрылымындағы Сценография оның көрнекі маңыздылығын анықтайды. Сценографияның бейнелі құрылысы көрерменді қабылдауға негізделеді, нақты шығармада ол кеңістік параметрлеріне ие белгілі бір материал арқылы көрінеді. Көркем шығармадағы объективті болмыстың осы материалының заңдылықтары оның композициялық деңгейлерін анықтайды, олар туындының әрбір бөлшегін қалыптастыра отырып, корреляциялық өзара әрекеттестікте болады [5]. Сценография – бұл декорациялар, костюмдер, грим, жарық – қоюшы суретші, яғни ортаның кеңістіктік айқындығы. Сценография-бұл актерлік құрамның пластикалық мүмкіндіктері, онсыз театр туындысының кеңістіктік композициясы мүмкін емес. (Актер осы кеңістіктің модулі бар, ол оны көрсетеді және анықтайды, егер

актер қазіргі уақытта сахнада болмаса да, көрермен осы ортада қандай болуы керектігін біледі). «Сценография – бұл визуалды режиссера, мизансценалық көріністерді табу. Бұл сахнаның техникалық мүмкіндіктері және кеңістіктің сәулеттік көрінісі» [6].

Театрда, қандай да бір өнер түрінде, адам денесінің динамикасына жауап беретін техника, сахнаның техникалық мүмкіндіктері маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ, театр ғимаратының сәулеттік анықтығының рөлі маңызды, бірінші кезекте сахна топографиясы және ішкі және сыртқы деректер. Сценография театр өнерінің синкретизмін қамтиды, соның нәтижесінде оның негізінде шығармашылықтың кеңістіктік формаларын синтездеу мүмкін. Ол визуалды эстетикалық қабылдау заңдылықтарына негізделген кеңістіктік өнер түрлерінің материалының барлық жиынтығын пайдалануда дамиды. Сонымен қатар сценографиялық бейнелілік жеке кеңістіктік өнердің жетістіктерімен, даму деңгейімен құрылады және көп жағдайда анықталады. Материалдың кеңістіктік түрінің жеке түрі басым «қарапайым» өнер түрлерін дамыту сценография үшін өзіндік зертханалық эксперимент болып табылады, оның нәтижесінде оның шектерінің бірі тексеріледі. Сондықтан театр суретшілері, режиссерлер өздерінің ізденістерінде кескіндеме, графика, сәулет және т. б. тәсілдерін қолданады, өз шығармашылығында шығармашылықтың кеңістіктегі түрлерінде қол жеткізген табыстарына бағдарланады. Мысалы, Георг Фукс, мүсін барельефінің бейнелеу құрылысынан итеріп, Мюнхен көркем театрында "рельефтік сахна" принципін жасайды, онда мизансценалар тек тереңдікті пайдаланбастан алғашқы екі

жоспарларда тұрғызады. «Сценография, өз негізінде өнердің барлық алуан түрлілігін синтездейтін театр сияқты күрделі көркем ағзаның анықтаушы сәттерінің бірі бола отырып, өнердің барлық кеңістіктік түрлерінің толық болуын қамтиды» [7, 256 б.]. Ол үшін ерекше формамен бірге қалыптасатын өзінің мазмұнын ашу үшін сценография кескіндеме бояуының толықтығын, графика мәнерлігін, мүсіннің пластикалық аяқталуын, архитектураның геометриялық айқындылығын пайдаланады. Театр өнерінің анықтаушы сәттерінің бірі бола отырып, сценография форманың аяқталуын және мазмұнның өзіндік ерекшелігін өзіне алып келеді.

Театр синтезі мен жаңалықтарын жинақтаушы әлемдік Прагалық Квадриеннале «PQ – сценография мен театр сәулет өнерінің халықаралық байқау көрмесі. Әлем бойынша ең ірі көрмелердің қатарына кіретін іс-шара. «Прага квадреннале» көрмесі театр мәдениеті мен әлемнің барлық театр суретшілерінің кездесіп, тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған сирек кездесетін мүмкіндік. Көрме сонымен қатар, сценографтар үшін жаңа театр үрдістерін ашуға, жаңа техникалық мүмкіндіктерді қарастыруға, семинарлар барысында жаңа тәсілдерін қолданудың жаңа көкжиегін туғызады» [8, с. 114].

Осынау сценографияға қатысты айтылған ақпараттарды жіті қарап, оң қырынан бағдарлайтын болсақ, әрбір тиімді тұстарын көзіміз шалады. Себебі, архитектураның геометриялық айқындылығы, графика мәнерлілігі, мүсіннің пластикалығы бәрі де тиімділікті талап етеді. Көрерменнің әлеуметтік, психологиялық, эстетикалық тіпті физиологиялық тұрғыда қажеттіліктерін айқындай алу үшін тиімділіктің маңызы

зор. Сценографиялық декорацияны жасау барысында тиімділік теориясы бүгінгі қоғамның сусап отырған минимализмі мен қаржылық-экономикалық бағыттарын анықтап, әрі нақты есептеуге өз септігін тигізеді.

Қорытынды

